



АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТИ

ҚР Білім Ғылым Министілігі
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университеті
Гуманитарлық ғылымдар факультеті
Педагогикалық ғылымдар
кафедрасы

*Психологияның негізгі
бөлімдер жүйесі*

Психологиялық білімдердің даму ерекшеліктері психологияның басқа ғылымдарға тәуелді байланысынан ғана емес, көп жағдайда олар қоғамдық тәжірибенің өрістеп жатқан қажеттерімен белгіленеді. Егер психология алғашқы уақытта теориялық тарапы басымдау, дүниетанымдық пән болса, қазіргі кезде ол өзінің танымдық қызметін сақтай отырып, өндірістегі, мемлекеттік басқарудағы, білім беру жүйесіндегі, денсаулық, заң мекемелеріндегі, мәдениеттегі, спорттағы және т.б. кәсіби тәжірибелік іс-әрекеттің бір саласына айналууда



Сонымен, осы заман психологиясы көп тармақты білімдер жүйесі ретінде танылып, әртүрлі еңбек тәжірибесімен байланысуда. Әдетте, психология салаларын жіктеудің негізгі принципі - **психиканың іс-әрекетте даму принципі**. Сондықтан, көбінесе психология бөлімдерін топтастыру негізіне адамдардың әртүрлі еңбектік әрекеттері алынады. Осыған орай психология келесі бөлімдерге бөлінеді.






Blank rounded rectangular box for step 1.



Blank rounded rectangular box for step 2.



Blank rounded rectangular box for step 3.

ИГ
,
ОГ
ВИ
ОХ
ГО

Ю
?

МИ

ВИ
СИ

ОГ
РК

ОГ
АГ

КК
КК

ПС
ЛОТ

К
МА

ЛЫ
ИГ

НА


Еңбек психологиясы адамның қоғамдық өнімге бағытталған әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, еңбекті ғылыми ұйымдастырудың психологиялық тараптарын зерттеумен бірге психология ғылымының дербес салаларына айналған білімдерге жіктеледі. Олардың ішінде: инженерлік психология, әуе психологиясы, ғарыштық психология және т.б. бар. Инженерлік психология негізінен адам мен машинаның қызметін бөлу және үйлесім проблемаларын шешетін автоматтандырылған жүйелерді басқарушы оператордың қызметін зерттейді; әуе психологиясы ұшуды үйрету мен ұшуды орындау үрдісінде адамның іс-әрекетін психологиялық тұрғыдан зерттейді; космос психологиясы ағзаға шамадан тыс психологиялық ауыртпалық түсетін ауасыз жағдайдағы адам іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін зерттейді.




Педагогикалық психологияның қызметі—
адамды оқыту мен тәрбиелеудің
психологиялық заңдылықтарын ашу. Педагогикалық
психологияның бөлімдеріне немесе салаларына
мыналар жатады: оқыту психологиясы (дидактикалық
психология негіздерін зерттейді); тәрбие
психологиясы (мектептегі тәрбие жұмысының
психологиялық негіздерін зерттейді); ұстаз
психологиясы (мұғалім мен шәкірттер арасындағы
қарым-қатынастардың, мұғалімге қойылатын
талаптардың психологиялық мәселелерін зерттейді).



□ **Медициналық психология дәрігер қызметінің және ауру мінез-құлқының психологиялық мәселелерін зерттейді. Ол нейропсихологияға, психофармакологияға, психотерапияға, психопрофилактика мен психогигиенаға бөлінеді.**






Blank text area for step 1



Blank text area for step 2



Blank text area for step 3



Blank text area for step 4

Vertical text on the right side of the page, including the word 'KAMT' and other characters.

□ Арнаулы психология - бірнеше бөлімдерге белінеді: патопсихология, олигофренопсихология, сурдопсихология, тифлопсихология.






Light gray rounded rectangular box for step 1.



Light gray rounded rectangular box for step 2.



Light gray rounded rectangular box for step 3.



Light gray rounded rectangular box for step 4.

Vertical text on the right side of the page, oriented vertically and appearing to be a list of names or terms.

• Жас

сат

ыла

рын

ын

пих

дор

ивс

ы:

пци

кох

ихи

фв

ю

ви


чы

:

3

2

1



ЛО
VO
ЖХ

ВЕН
ВКИ
МЖ

ПС
ЖК,
ОТН
МЖ.
ИХ

ПС
ВІ

ЛП


4

5

9


□ **Заң психологиясы** заң жүйесін іске асырумен байланысты психологиялық мәселелерді қарастырады. Ол сот психологиясы, криминалды психология, пенитенциарлық немесе еңбекпен түзеу психологиясы. Сот психологиясы тергеу үрдісіне: қатысушылардың мінез-құлқының психологиялық қерекшеліктерін зерттеумен айналысады; криминалды психология деп мінез-құлықтың психологиялық мәселелерін және қылмыскер тұлғасын қалыптастыру мен қылмыстың себептерін анықтайтын саласын айтады; еңбекпен түзеу психологиясы еңбекпен түзеу колониясында ұсталғандардың психологиясы, сендіру және көндіру әдістері арқылы тәрбиенің психологиялық мәселелерімен айналысады



-
- **Әскери психология** адамның соғыс жағдайындағы қылық-әрекетін, қолбасшы мен оның билігіндегі сарбаз арасындағы қарым-қатынастың психологиялық тараптарын, әскерді рухтандырушы үгіт-насихат психологиясының әдістерін және әскери техниканы басқарудың психологиялық мәселелерін зерттейді.
 - Аталған топ қатарына спорт, сауда, ғылым мен өнердің шығармашылық психологиясы да кіреді.
-
- 

□ Психология тармақтарын топтастыру негізіне дамудың психологиялық қырлары да алынуы мүмкін. Бұл жағдайда психологияның даму принципі іске асады. Осыған байланысты психология келесі салаларға бөлінеді: **Жас сатыларының психологиясы** жеке адамның әртүрлі психикалық процестері мен психикалық қасиеттерінің онтогенезін (жеке даму) зерттейді де келесі салаларды өз ішіне қамтиды: балалар психологиясы, жасөспірімдер психологиясы, ересек адамдар психологиясы мен кәрілік психологиясы (геронтология).



-
- ▣ **Салыстырмалы психология-** психикалық өмірдіңфилогенетикалық (біртұтас даму) формаларын зерттейді.
 - ▣ **Әлеуметтік психология**деген атпен психологияның көптеген салалары бірігеді. Әлеуметтік психология адамдардың әртүрлі ұйымдасқан ресми немесе ұйымдаспаған бейресми топтарда көрініс беретін психикалық болмысын зерттеумен шұғылданады.
-
- 

□ **Жалпы психология** барлық психология салаларының ішінде айрықша орынды иеленетінін атап өткен жөн. Бұл тараудың негізгі міндеті - психологияның әдіс мәселелері мен тарихын, психикалық құбылыстардың пайда болуының, дамуының және болмыстың жалпыланған заңдылықтарын ғылыми нақтылау. Сонымен бірге жалпы психология танымдық және тәжірибелік іс-әрекетті де зерттейді. Жалпы психология зерттеулерінің нәтижесі - психология ғылымының барша салалары мен белімдерінің іргетасы қызметін атқарады.

